



ПЕДАГОГТЕРДІ

АТТЕСТАТТАУ

АТТЕСТАТТАУ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ



МАҚСАТЫ:

Педагогтердің кәсіби дамуының үздіксіздігін қамтамасыз ету



МІНДЕТТЕРІ:

- Педагогтердің кәсіби құзыреттерін бағалау негізінде олардың біліктілік сипаттамаларына сәйкестігін анықтау;
- Педагогтерді үздіксіз білім алуға, өзін-өзі білімдендіруге, біліктілігін арттыруға ынталандыру;
- Педагогтердің кәсіби әлеуеттік мүмкіндіктерін пайдалану перспективаларын айқындау;
- Педагогикалық еңбектің тиімділігі мен сапасын арттыру,

АТТЕСТАТТАУ КОМПОНЕНТТЕРІ

1. Біліктілік бағалау
2. Педагог білімін бағалау (ПББ)
3. Қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау

Педагогтерді аттестаттау **кәсіби стандарттар мен біліктілік сипаттамаларына сәйкес**, өту мерзімдерін және біліктілік санатының бірізділік принципін сақтай отырып жүзеге асырылады

Педагогтің кәсіби стандарттары (еңбек функциялары)

ҚР ОАМ 24.02.2025 ж. №31 бұйрығы

01

Оқу үдерісін жүзеге асыру

- Оқу үдерісін жоспарлау және ұйымдастыру
- Мүмкіндігі шектеулі балаларда дағдылардың қалыптасу динамикасы (ПМПК қоспағанда)

02

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау

- Білім алушылардың білім мазмұнын меңгеру деңгейі мен оқу жетістіктерінің ілгерілеуіне бақылау жасау

03

Білім алушыларды құндылықтар жүйесіне баулу

- Тәрбиелік қызметті жүзеге асыру

04

Оқу-әдістемелік қызметті жүзеге асыру

- Оқу-әдістемелік материалдарды дайындау және әзірлеу
- Кәсіби дамуды жүзеге асыру
- Өз тәжірибесін және әріптестер тәжірибесін рефлексиялау
- Білім беру үдерісін зерттеу

05

Қосымша еңбек функциясы

- Сынып жетекшілігін жүзеге асыру

Педагог (портфолио) материалдары

Біліктілік сипаттамалар және кәсіби стандарттар

Кәсіби стандарттар мен біліктілік сипаттамалары талаптары	Педагог-модератор	Педагог-сарапшы	Педагог-зерттеуші	Педагог-шебер
Қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз ету	Қауіпсіз әрі қолайлы ортаны қолдайды, этикалық нормаларды қолданады	Қауіпсіз және қолайлы ортаны қамтамасыз етеді, этикалық нормаларды басшылыққа алады	Қауіпсіз және қолайлы білім беру (дамыту) ортасын басқарады, әріптестерін этикалық нормаларды түсінуде қолдайды	
Білім	пәнді, оқу-тәрбие үдерісін, оқыту және бағалау әдістемесін біледі			
Оқу үдерісін ұйымдастыру және өткізу	психологиялық-жас ерекшеліктерін, жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеру	Қабілеттердің дамуы мен ілгерілеуін бағалайды және бақылайды	интеграциялық оқыту үдерісін жүзеге асырады	тәжірибе зерттеулері нәтижелерін ескеру
	оқыту мен бағалаудың әртүрлі әдістері мен стратегияларын меңгереді	оқытудағы инновациялық формалар, әдістер мен құралдарды қолдану	авторлық технологиялар мен бағалау стратегиялары негізінде	авторлық бағдарламаны енгізу және жүзеге асыру
Портфолио	Оқыту сапасы			
	Сабақты бақылау парағын ұйым басшысы, басшының орынбасары, педагогтер (соның ішінде басқа ұйымдардан), әдіскерлер және аттестаттау комиссия мүшелері толтырады. Кері байланыс беріледі.			
Дарынды білім алушылармен жұмыс	олимпиада, байқау, жарыстарға қатысушыны немесе жүлдегерді сәйкес деңгейде			
	білім беру ұйымы	аудан/облыс	облыс	республикалық немесе халықаралық деңгей
Портфолио	Білім алушылардың жетістіктері			
	Қатысу деңгейіне сәйкес қатысушы/жеңімпаз дипломы, сертификаты			
Әріптестермен өзара әрекеттесу, тәжірибені талдау/зерттеу	өз тәжірибесін және әріптестерінің өзекті тәжірибе нәтижелерін талдайды	өз тәжірибесінің нәтижелерін және әріптестерінің қабілеттерді дамытуға қатысты өзекті зерттеулерін бағалайды.	білім беру ұйымында оқыту (тәрбиелеу) тәжірибесін жетілдіру мақсатында әріптестерімен бірге тәжірибені зерттеп, зерттеу нәтижелерін таратады	білім беру ұйымындағы зерттеулерді үйлестіреді, нәтижелерін педагог қауымдастығына таратады, әріптестерін кәсіби дамуда қолдайды
	білім беру ұйымы	аудан/облыс	облыс	республикалық немесе халықаралық деңгей
Портфолио	Жұмыс (шығармашылық, зерттеу) тобында, қазылар алқасында, төрелік ету деңгейіне сәйкес қатысу. Конференцияда сөз сөйлеу.			
			Басылымдарда жарияланым	
Әдістемелік қызмет	оқу-әдістемелік материалдар немесе бағдарламаларды әзірлейді және енгізеді			Авторлық бағдарлама, оқулықтар, әдістемелік құралдар
		Әріптестеріне әдістемелік қолдау көрсетеді	мониторинг нәтижелері негізінде педагог қауымдастығы үшін ұсыныстар әзірлейді	
	білім беру ұйымы	аудан/облыс	облыс	республикалық немесе халықаралық деңгей
Портфолио	Оқу-әдістемелік материалдар			
Тәжірибе жинақтау/тарату			облыс деңгейінде таратады	республика деңгейінде таратады
Портфолио			тәжірибе тарату: шеберлік сынып, сабақ және басқа да формалар	

Педагогтің материалдарын (портфолиосын) бағалау критерийлері

01

Білім беру сапасын қамтамасыз етудің тиімділігі:

Білім сапасы (динамикасы)/

Білім беру бағдарламасын меңгеру динамикасы

Мүмкіндігі шектеулі балалардың (ПМПК-ны қоспағанда)

дағдыларының қалыптасу динамикасы

02

Оқыту сапасы білім беру ұйымының басшысы, әдістемелік кабинеттердің (орталықтардың) әдіскерлері, педагогтер (басқа білім беру ұйымдарынан болуы мүмкін), аттестаттау комиссия мүшелері сабақтарды бақылау арқылы бағаланады

03

Білімалушылар мен педагогтердің жетістіктері

(олимпиадаларға, байқауларға, жарыстарға т.б. қатысу.)

04

Тәжірибені жинақтау:

үздік педагогикалық тәжірибелер (баяндамалар, жарияланымдар, шеберлік сыныптары және т.б.) әдістемелік материалдар (*бағдарламалар, ОӘК, оқу құралдары және т.б.*)

05

Республикалық оқу-әдістемелік кеңес ұсынған материалдар негізінде **тәжірибе тарату** (*педагогтің таңдауына сәйкес нысандар – блог, педагогикалық экскурсия, шеберхана, мобильді қосымша және т.б.*):

Педагог-зерттеуші (3 аудан)

Педагог-шебер (3 облыс)

ПЕДАГОГ МАТЕРИАЛДАРЫ (ПОРТФОЛИОСЫ)

Аттестаттау кезінде педагогтің материалдары **мәлімделген біліктілік санатына сәйкес** тиімділік көрсеткіштерінің орындалуын көрсетеді

Критерийлер		1		2		3					4	5
		Білім беру сапасын қамтамасыз ету		Жетістіктер		Тәжірибені жинақтау және тарату					Біліктілікті арттыру	Қосымша
Көрсеткіштер		1.1 Білім сапасы	1.2 Оқыту сапасы	2.1 Білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) конкурстарға немесе олимпиадаларға немесе жарыстарға қатысуы	2.2 кәсіптік конкурстарға немесе олимпиадаларға немесе жарыстарға қатысу	3.1 оқу-әдістемелік материалдар/бағдарламалар	3.2 Зерттеу (инновациялық, шығармашылық) қызметі немесе оқу-әдістемелік материалдар негізінде сөз сөйлеу	3.3 Зерттеу қызметі (тәжірибені зерттеу) негізінде баспасөздегі жарияланым	3.4 Шығармашылық (сараптамалық, жұмыс) топтарға, жобаларға немесе конкурстық комиссияларға немесе қазылар алқасына, төрешілікке қатысу	3.5 Оқу-әдістемелік материалдар немесе бағдарламалар негізінде тәжірибені тарату	Біліктілікті арттыру курстары (бейіні (саласы) бойынша біреуден кем емес)	Сынып жетекшілік/кураторлық (бар болса)
Сәйкестігі	шебер	v	v	v	v	v	v	v	v	v	v	
	зерттеуші	v	v	v	v	v	v	v	v	v	v	
	сарапшы	v	v	v	v	v	v		v		v	
	модератор	v	v	v	v	v	v		v		v	

•**Маңызды!** Педагогтің материалдарын (портфолиосын) бағалау критерийлерінің барлығы орындалады.

Марапаттар, алғыс хаттар, құттықтау хаттар және басқа да ынталандыру немесе марапаттау түрлері үшін ұпай берілмейді

1. Білім сапасын қамтамасыз ету

1.1 Білім сапасы/оқу бағдарламасын меңгеру/ мүмкіндігі шектеулі балалардың дағдыларын қалыптастыру

Дәлелдемелер	Ескерту
Салыстырмалы кестелер Динамика (әртүрлі кезеңдердегі нәтижелерді салыстыру)	<i>Ескерту:</i> динамикасы кез келген 3 жыл бойынша (мерзімінен бұрын – 2 жыл)
Нәтижелерді талдау бойынша қорытындылармен сапаны мониторингтеу	Кез келген формада немесе білім беру ұйымының шаблону бойынша - нәтижелерді талдау, деректерді түсіндіру, - оқытудағы күшті және әлсіз жақтарды анықтау, - сыныптар/топтар бойынша салыстырмалы талдау - оқу процесін жақсарту бойынша ұсыныстар мен кеңестер

1.2 Оқыту сапасы (ұйымдастыру, өткізу)

Дәлелдемелер	Ескерту
Сабақты бақылау парақтары	<ul style="list-style-type: none">жыл сайын 5 бақылау – 5 әртүрлі сабақ, бақылаулар әртүрлі күндері өткізіледібір бақылауды 2 және одан да көп бақылаушы жүргізуі мүмкін, бақылаушылардың балдары қосылып, арифметикалық орташа мәні есептеледі
- Білім беру ұйымында басшы/орынбасары, әдіскер, педагог толтырады - Сыртқы сарапшы: әдістемелік кабинет (орталық) әдіскері, аттестаттау комиссия мүшесі толтырады	<ul style="list-style-type: none">оқу жылы бойынша кемінде 5 бақылау парағы (Өткен оқу жылына – бар болса)1 бақылау парағы: тиісті деңгейдегі АҚ мүшесі немесе әдістемелік кабинет (орталық) әдіскері



ПЕДАГОГ САБАҒЫН БАҚЫЛАУ

Сабақтың күтілетін нәтижелері сабақтың күтілетін нәтижелеріне және МЖМС талаптарына сәйкес келеді

Сабақтың күтілетін нәтижелері зерттеушілік (шығармашылық) дағдыларды және функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған.

Оқушыларды сабақтың күтілетін нәтижелерін талқылауға тарту

Тапсырмаларды, ресурстарды білім алушылардың қажеттіліктері мен жеке академиялық қабілеттерін ескере отырып қолдану

Сабақтың (сабақтан тыс іс-әрекеттің) мақсаттарына барлық білім алушылардың жетуіне ықпал ететін оқыту әдістері мен тәсілдері

Цифрлық білім беру ресурстары

Сабақтың әр кезеңінде білім алушылардың ілгерілеуін қадағалау

Педагог пен білім алушылардың кері байланыс беруіне жағдай жасау

Әрбір білім алушының (тәрбиеленушінің) танымдық үдерісіне қатысуын педагогтің бақылауы

Білім алушылардың оқу нәтижелері төмен болған жағдайда қолдау көрсету тәсілдерін қолдану

Құндылықтарды дамытуға ықпал ететін ресурстарды пайдалану, диалогқа тарту

Сабақта білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) ізгі ниетті конструктивті өзара әрекеттесуін қамтамасыз ету

2. Жетістіктер

2.1 Білім алушылардың (тәрбиеленушілердің) байқауларға, олимпиадаларға немесе жарыстарға қатысуы

2.2 Педагогтің байқауларға, олимпиадаларға немесе жарыстарға қатысуы

Дәлелдемелер	Ескерту								
Сертификаттар, дипломдар, грамоталар, алғыс хаттар	<i>байқау іс-шаралары</i> <ul style="list-style-type: none"><i>білім беру саласындағы уәкілетті органмен</i><i>облыстың (республикалық маңызы бар қалалар мен астананың) білім басқармасымен бекітілген тізімге кіреді</i>								
<ul style="list-style-type: none">педагогтің аттестаттау кезеңде қызметтің профилі (саласы) бойынша <i>кемінде бір байқау іс-шарасына қатысқаны туралы дәлел болуы</i> <table border="1" data-bbox="346 858 1719 1139"><tbody><tr><td>модератор</td><td>білім беру ұйымы</td></tr><tr><td>сарапшы</td><td>аудан/қала</td></tr><tr><td>зерттеуші</td><td>облыс (астана және республикалық маңызы бар қала)</td></tr><tr><td>шебер</td><td>республикалық (халықаралық)</td></tr></tbody></table>		модератор	білім беру ұйымы	сарапшы	аудан/қала	зерттеуші	облыс (астана және республикалық маңызы бар қала)	шебер	республикалық (халықаралық)
модератор	білім беру ұйымы								
сарапшы	аудан/қала								
зерттеуші	облыс (астана және республикалық маңызы бар қала)								
шебер	республикалық (халықаралық)								

3. Тәжірибені жинақтау және тарату

3.1 Оқу-әдістемелік материалдар/авторлық бағдарламалар, ұсынылған

Педагог-модератор	Педагог-сарапшы	Педагог-зерттеуші	Педагог-шебер
Білім беру ұйымының әдістемелік кеңесімен	аудан/қала білім бөлімінің оқу-әдістемелік кеңесімен	ББ жанындағы оқу-әдістемелік кеңесімен	білім беру саласында уәкілетті органның жанындағы РОӘК (Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы)
Дидактикалық материалдар (тапсырмалар жинақтары, сабақ жоспарлары, жұмыс дәптерлері, тренажерлер) немесе оқу, әдістемелік құралдар немесе ұсынымдар		оқу құралдары, әдістемелік ұсынымдар немесе авторлық бағдарламалар	авторлық бағдарламалар

Дәлелдемелер: оқу-әдістемелік кеңестің хаттамасынан үзінді, материалдарға сілтеме

3.2 Зерттеу жұмысы/оқу-әдістемелік материалдар негізінде семинарларда, конференцияларда, форумдарда, тренингтерде, шеберлік сыныптарда, біліктілікті арттыру курстарында және басқа да іс-шараларда баяндама жасау

Педагог-модератор	Педагог-сарапшы	Педагог-зерттеуші	Педагог-шебер
білім беру ұйымы	аудан/қала	облыс (астана және республикалық маңызы бар қала)	республикалық (халықаралық)
Бұйрықтан үзінді (бұйрықтың көшірмесі) немесе бағдарлама (бағдарламаның көшірмесі) және іс-шара материалдарына <i>(бұлттық сақтау орындарында немесе білім беру ұйымының сайтында орналастырылған)</i> сілтеме			

3.3 Зерттеу (инновациялық, шығармашылық) жұмысы негізінде жарияланым (3 автордан аспауы тиіс)

Педагог-зерттеуші мен педагог-шебер үшін – ҚР ОАМ ұсынған басылымдарда жарияланған материалдар. Дәлелдемелер: жарияланған басылымға сілтеме.

3.4 Шығармашылық (сараптамалық, жұмыс) топтарында, жобаларда немесе байқау комиссияларында, қазылар алқасында, төрелік ету

Педагог-модератор	Педагог-сарапшы	Педагог-зерттеуші	Педагог-шебер
білім беру ұйымы	аудан/қала	облыс (астана және республикалық маңызы бар қала)	республикалық (халықаралық)
Бұйрықтан үзінді (бұйрықтың көшірмесі), хат (хаттың көшірмесі)			

Оқу-әдістемелік материалдар

Оқу-әдістемелік материалдар түрлері

Біліктілік санат	Материал түрі	Кімге арналған	Мысалдар	Мақсаты
Педагог	Дидактикалық және нұсқаулық материалдар	Білімалушылар	Жұмыс дәптері, есептер мен жағтығулар жинағы, алгоритмдер, нұсқаулықтар	Оқу материалын меңгеруді қолдау, дағдыларды қалыптастыру, дербестікті дамыту
Педагог-модератор	Кеңейтілген дидактикалық материалдар	Педагогтер	Жинақ: практикумдар, кейстер, топтық жұмысқа арналған тапсырмалар, тесттер	Оқыту сапасын арттыру, тиімді оқыту тәсілдерін қолдану
Педагог-сарапшы	Әдістемелік әзірлемелер	Педагогтер	Электрондық оқулық, сабақтар жинағы, әдістемелік құралдар	Жаңа тәсілдерді енгізуді қолдау, тәжірибе алмасу, практиканы жетілдіру
Педагог-зерттеуші	Практиканы зерттеу негізінде әзірленген әдістемелік материалдар	Педагогтер	Әдістемелік ұсынымдар (оқулықтар), оқу-әдістемелік кешен, сабақ жүйесін, әдістемелерді қолдануды, тапсырмаларды, ресурстарды қамтиды	Инновациялық әдістемелерді енгізу, білім беру процесінде зерттеулер жүргізу, әріптестерге әдістемелік қолдау көрсету
Педагог-шебер	Тәжірибені зерттеуге негізделген авторлық бағдарлама	Педагогтер	Оқу-әдістемелік кешен (ОӘК), цифрлық білім беру ресурстарын қамтитын бағдарлама	Озық педагогикалық тәжірибені тарату, тәлімгерлік, әріптестерге әдістемелік қолдау және сүйемелдеу, кәсіби қауымдастықты дамыту

Шебер



Педагог

Оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу және бекіту аттестаттаудың аралық кезеңіде жоспалау

Әдістемелік материалдарды бағалау

Критерийлер	Сипаттамалары
Өзектілігі	<ul style="list-style-type: none"> - Мектеп миссиясы мен басымдықтарымен / білім беруді дамыту стратегиясымен (жобалар, бағыттар) байланысын көрсету (қоғамның қажеттіліктері мен сын-қатерлеріне, білім берудегі негізгі трендтерге сәйкестігі) - Мақсаттар мен міндеттердің оқыту мен білім берудегі құзыреттілік тәсілі контекстінде болуы
Жаңашылдығы	<ul style="list-style-type: none"> - Модификацияланған/инновациялық/туынды/авторлық тәсілдер/стратегиялар/әдістер/технологиялар/ресурстар/құралдар (мысалы, материалдың интеграцияланған, пәнаралық сипаты, белсенді және интерактивтік технологиялар)
Ғылыми негізділік	<ul style="list-style-type: none"> - «Білім мазмұнының тұжырымдамасы мен әдістемесіне / педагогикалық зерттеулердің нәтижелеріне / практикалық іс-әрекеттегі зерттеулерге сәйкестігі - Функционалдық сауаттылықты, сыни / шығармашылық / креативті ойлау дағдыларын, зерттеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталуы
Практикалық мәні	<ul style="list-style-type: none"> - Тәсілдер/стратегиялар/әдістер/технологиялар/ресурстар/құралдарды педагогикалық практикада қолданудың түсініктілігі мен қолжетімділігі - Ұсынылған материалдардың нәтижелілігі мен тиімділігі (оқытуды жақсартады ма?)
Құрылымға қойылатын талаптар	<ul style="list-style-type: none"> - Материалды баяндаудың біртұтас логикасы мен реттілігін сақтау - Терминдер мен ұғымдарды, зерттеу деректерін дұрыс және орынды қолдану - Құрылымға сәйкестік: тақырыптық бет, аннотация, мазмұны, кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды, әдебиеттер тізімі, қосымшалар (қажет болған жағдайда)

Авторлық бағдарламаны әзірлеу

Жасалатын авторлық бағдарламалардың негізгі мазмұны келесі бағыттарды қамтуы мүмкін:

- пәнді тереңдетіп оқыту; нақты бөлімдер/тақырыптар материалын кеңейту; пәнаралық және икемді дағдыларды дамыту және т.б.

Кезең	Максаты	Сипаттамасы
1	Білімалушылардың оқу барысында кездесетін қиындықтарын анықтау	Білімалушылардың оқу жетістіктерін көрсететін құжаттарды талдау (жиынтық бағалау нәтижелері, пәндік олимпиадалар мен ғылыми жобалар, зерттеу жобалары, педагогтердің кері байланысы). Білімалушылардың білім сапасының өсуіне теріс әсер ететін факторларды анықтау. Зерттеу нақты анықталған мәселені шешу үшін жүргізіледі.
2	Практиканы зерттеу нәтижелерін талдау негізінде нақты мәселені шешуге бағытталған оқыту және бағалау әдістемелерін әзірлеу	Талдау үшін келесі сұрақтарды қолдану ұсынылады: «Тапсырмалар білімалушыларға өз тәжірибесін пайдалануға мүмкіндік берді ме?», «Бірлесіп оқыту қалай жүзеге асты?», «Оқу материалы білімалушының жақын даму аймағын белсендірді ме?», «Қандай әдістер мен тәсілдер барлық білімалушылардың оқу процесіне қатысуын қамтамасыз етеді?», «Барлық білімалушылар оқу мақсаттарына қалай жетеді?» Зерттеу барысында білімалушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыратын және олардың қабілеттерін дамытуға ықпал ететін баламалы оқу бағдарламасы анықталады
3	Оқу жоспарын әзірлеу	1) Бағдарламаның мақсаттарын оқушылардың қажеттіліктері мен қабілеттерін ескере отырып қалыптастыру; 2) Міндеттерін анықтау - Пәннің мазмұнымен байланысты – пәнді оқудың нәтижесінде оқушылардан күтілетін білім талаптары - оқушылардың дағдыларын дамытуға бағытталған әрекет тәсілдерін дамытуға арналған 3) Мазмұны мен іс-әрекет тәсіліне қатысты күтілетін нәтижелерді анықтау 4) Материал көлемін, оны баяндау ретін және оқу уақытын нақтылау 5) Оқушылардың жас ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, оқыту және бағалау әдістемесін анықтау 6) Бағалау мазмұнын және өткізу формаларын әзірлеу.
4	Оқу-әдістемелік кешенді әзірлеу	Курстың орта мерзімді жоспарын, ресурстарды әзірлеу.

3. Тәжірибені жинақтау және тарату

3.5 Ұсынылған оқу-әдістемелік материалдар немесе бағдарламалар негізінде тәжірибені тарату

Дәлелдемелер	Ескерту
Бұйрықтан үзінді (бұйрықтың көшірмесі), анықтама, бағдарлама (бағдарламаның көшірмесі)	<ul style="list-style-type: none">• <i>бұлтты қоймаларда</i>• <i>немесе білім беру ұйымының веб-сайтында орналастырылған іс-шара материалдарына сілтеме</i>
<p>«Педагог-зерттеуші» – ББ жанындағы оқу-әдістемелік кеңес немесе білім беру саласында уәкілетті органның жанындағы РОӘК (Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы)/ ТжКОБКББ ұйымдары үшін білім беру саласындағы уәкілетті орган жанындағы РОӘК/ РҚББОӘО жанындағы РОӘК/АИББД ҰҒПО жанындағы РОӘК Облыстық деңгейде трансляция (республикалық маңызы бар қала және астана) (қамту - кемінде 3 аудан (қала))</p> <p>«Педагог-шебер» – Білім беру саласында уәкілетті органның жанындағы РОӘК (Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы)/ ТжКОБКББ ұйымдары үшін білім беру саласындағы уәкілетті орган жанындағы РОӘК/ РҚББОӘО жанындағы РОӘК/АИББД ҰҒПО жанындағы РОӘК Республикалық деңгейде тарату (қамту - кемінде 3 облыс)</p>	

4. Біліктілікті арттыру

Біліктілікті арттыру курстары (қызмет саласы бойынша кемінде бір курс, білім беру бағдарламаларына сәйкес, білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген)

Дәлелдемелер	Ескерту								
сертификат көшірмелері	<i>Аттестаттау кезеңде 1 курс профиль бойынша болуы тиіс</i>								
<p>Біліктілікті арттыру бойынша курстардың жалпы сағат саны есептеледі. Егер педагог екі немесе одан көп курстарға әртүрлі бағдарламалар бойынша қатысса, сағат саны қосылады. Егер педагог:</p> <ul style="list-style-type: none">- басшы (басшының орынбасары) және педагог (әдіскер) ретінде бір уақытта аттестаттаудан өтіп жатса;- бір бағдарламамен екі немесе одан көп рет оқыған болса сертификат тек бір рет есепке алынады, <table border="1" data-bbox="665 839 1528 1153"><tbody><tr><td>модератор</td><td>72</td></tr><tr><td>сарапшы</td><td>72</td></tr><tr><td>зерттеуші</td><td>80</td></tr><tr><td>шебер</td><td>108 және жоғары</td></tr></tbody></table>		модератор	72	сарапшы	72	зерттеуші	80	шебер	108 және жоғары
модератор	72								
сарапшы	72								
зерттеуші	80								
шебер	108 және жоғары								

«Ұстаз» платформасын ақпараттық-әдістемелік қамтамасыз ету

01

Пайдаланушылардың өтініштерін қабылдау және қолдау үшін арналған техникалық қолдау - **Telegram-бот** жедел кері байланыс ресми арнасы



@UstazSupportBot

Телеграм бот

03

Әр өңірде білім басқармаларында педагогтерге қолдау көрсететін **мобильді топтар** жұмыс істейді

02

Платформа **жұмысына және нормативтік талаптарға қатысты** консультация беру үшін әдістемелік және техникалық қолдау байланыс телефондары жұмыс істейді



«Ұстаз» платформасында «Пайдалы сілтемелер» бөлімінде әрбір педагог байланыс деректерін тауып, кеңес ала алады

04

Платформамен жұмыс ережелері, аттестаттау рәсімдері және техникалық мәселелер бойынша тәулік бойы кеңес беретін ЖИ-ассистент енгізілді



«Ұстаз» платформасында әрбір пайдаланушы ЖИ-ассистентке қол жеткізе алады



Аттестаттау мәселелері бойынша Instagram арнасында

https://www.instagram.com/orleu_official/

Маңызды! Ресми байланыс арналарын пайдалану қажет